ЖШС «Бөбек KIDS»
БИН 220640009436
БҚО, Орал қ.,
Отарлы Бүркітов, 1
87078845241

«БӨБЕК KIDS» жеке бөбекжай

ТОО «Бөбек KIDS»
БИН 220640009436
ЗКО, г.Уральск
Отарлы Буркитов, 1
87078845241

**БҰЙРЫҚ**

*«30» «тамыз» 2023ж* №2

**Бөбекжайда қамқоршылық кеңес құру туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 44-бабының 9-тармағына және ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларының 2-тарау, 5 – тармағына сәйкес «Бөбек kids» жеке бөбекжайында 2023-2024 оқу жылына қамқоршылық кеңес жұмысы ұйымдастырылсын.
2. Қамқоршылық кеңес жұмысының жоспары құрылып, бекітілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

**Бөбекжай меңгерушісі** **Г.М.Айтқалиева**

Бекітемін ______
«Бөбек kids» жеке бөбекжай
меңгерушісі Г.М.[illegible]

**«Бөбек kids» жеке бөбекжайының Қамқоршылық кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

| № | Жұмыс бағыты | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | **Қамқоршылық кеңесінің №1 отырысы**<br>Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну | Қыркүйек | Кеңес мүшелері |
| 2 | **Қамқоршылық кеңесінің №2 отырысы**<br>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты | Қараша | Кеңес мүшелері |
| 3 | **Қамқоршылық кеңесінің №3 отырысы**<br>қамқоршылар үшін ашық есік күнін ұйымдастыру | Наурыз | Кеңес мүшелері |
| 4 | **Қамқоршылық кеңесінің №4 отырысы**<br>Балалардың жаз кезіндегі сауықтыру іс шараларын ұйымдастыру және өткізу | Мамыр | Кеңес мүшелері |

«Бөбек kids» жеке бөбекжайы

**Қамқоршылық кеңесінің құрамы (2023-2024 оқу жылы)**

| № | Аты – жөні | Лауазымы | Қамқоршылық кеңесіндегі лауазымы |
|---|---|---|---|
| 1 | Айткалиева Гульнара Максутовна | Меңгеруші | Төрайымы |
| 2 | Туманбаева Самал Аскаровна | Ата – ана (Айналайын тобы) | Мүшесі |
| 3 | Садыкова Жансая Темирбековна | Ата – ана (Еркем-ай тобы ) | Мүшесі |
| 4 | Бисегалиева Айда Бекбулатовна | Ата – ана (Айналайын тобы ) | Мүшесі |
| 5 | Әубекер АрайлымНұрлыбекқызы | Әдіскер | Хатшы |

ЖШС «Бөбек kids» «Бөбек kids» жеке бөбекжайының қамқоршылық кеңесі отырысының

№1 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 30.08.2023ж

Өткізілген орны: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі Г.М.Айтқалиева

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

1. А.Бисегалиева – бөбекжай тәрбиешісі
2. Д.Хайрушева – музыка жетекшісі
3. Б.Гумарова – бөбекжай мейбикесі
4. А.Әубекер – іс жүргізуші, кеңес хатшысы

**Күн тәртібінде**

1. Бөбекжайда қамқоршылық кеңесті ұйымдастыру
2. Қамқоршылық кеңес туралы ережемен таныстыру
3. Кеңес төрайымы, мүшелерін сайлау, міндеттерін бөлу

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша «Бөбек kids» жеке бөбекжайының меңгерушісі Г.М.Айтқалиева сөз алып, Қамқоршылық кеңес дегеніміз қоғам мен бөбекжай арасындағы өзара қарым қатынас жасау құралы , серіктестік негізінде жергілікті қоғамдастық пен бөбекжай арасындағы байланысты орнатуға мүмкіндік беретін ашық жүйе. Қамқоршылық кеңес қоғамдық бастамаларда үнемі жұмыс жасап тұратын алқалық басқарудың бір түрі болып табылады. Қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты бөбекжайдың мақсат міндеттерін жүзеге асыруға жәрдемдесу, білім беру қызметінің сапасын арттыру, сондай ақ бөбекжайдың материалдық базасын нығайтуға мақсатында қосымша қаражат және мүлік ресурстарын тарту болып табылады. Бөбекжай үшіін қамқоршылық кеңесінің болуы көптеген артықшылықтар береді. Қамқоршылық кеңес құру арқылы бөбекжай бюджеттен тыс қаржы іздеп қана қоймай бөббекжай мүддесін түрлі деңгейлерде көтеріп, адамдарды тартады. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы тегін жасалды. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы тегін жасалады. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілетінін айтты.

К н тәртібінің екінші мәселесі бойынша бөбекжай меңгерушісі «Қамқоршылық кеңес туралы ережемен» таныстырды. Қамқоршылық кеңес қоғам мен бөбекжай арасындағы өзара қарым-қатынас жасау құралы, серіктестік негізінде жергілікті қоғамдастық пен бөбекжай арасындағы байланысты орнатуға мүмкіндік беретін ашық жүйе. Қамқоршылық кеңес қоғамдық бастамаларда үнемі жұмыс жасап тұратын алқалық басқарудың бір түрі. Негізгі

мақсаты бөбекжай мақсат міндеттерін жүзеге асыруға жәрдемдесу, білім беру қызметінің сапасын арттыру болып табылатынын айта келіп, ондағы жалпы ереже, Қамқоршылық кеңес құрамы, Қамқоршылық кеңесінің міндеттері, Қамқоршылық кеңесінің құқықтары мен міндеттері, Қамқоршылық кеңесінің іс қағаздары, Қамқоршылық кеңесінің қағидалары, Қамқоршылық кеңесінің жұмысын тоқтату сияқты сегіз бөлімінe жеке жеке тоқталып баяндалды.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша бөбекжай меңгерушісі Г.М.Айтқалиева сөз алып, Қамқоршылық кеңес төрағасы, мүшелері, хатшы сайлану керек екендігі туралы айтты. Кеңес төрағасына, мүшелігіне, хатшысына бірауыздан төмендегіше сайланды:

1. Г.Айтқалиева – «Бөбек kids» жеке бөбекжай меңгерушісі, кеңес төрағасы
2. А.Бисегалиева – «Бөбек kids» жеке бөбекжай тәрбиешісі
3. Д.Хайрушева – «Бөбек kids» жеке бөбекжай музыка жетекшісі
4. Б.Гумарова – «Бөбек kids» жеке бөбекжай медбикесі
5. А.Әубекер – «Бөбек kids» жеке бөбекжай іс жүргізушісі, кеңес хатшысы

**Шешімі:**

1. Қамқоршылық кеңес жұмысы жүйелі жүргізілсін
2. Қамқоршылық кеңес туралы ереже басшылыққа алынып, жұмыстар жүргізілсін.
3. Қамқоршылық кеңеске сайланған құрам мүшелері қамқоршылық жұмыстарының жүруіне ат салыссын.

Кеңес төрағасы: Г.М.Айтқалиева

Кеңес хатшысы: А.Н.Әубекер

ЖШС «Бөбек kids» «Бөбек kids» жеке бөбекжайының қамқоршылық кеңесі отырысының

№2 ХАТТАМАСЫ

**Өткізілген күні**: 21.11.2023ж

Өткізілген орны: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Қатысқандар: бөбекжай меңгерушісі, Қамқоршылық кеңес мүшелері

**Күн тәртібінде**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын қабылдау
2. ҚР Мемлекеттік қызметкерлерінің әдеп кодексі

**Тыңдалды:** Бөбек kids» жеке бөбекжай меңгерушісі Г.М.Айтқалиева «Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті іштен жою бастамасымен жетістіктерін жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да ҚР мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарын бірі болып осы зұлымдықпен күресі болып табылады. ҚР білім және ғылым министрлігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 10 қарашадағы ҚР Заңының 10 бабына сәйкес ҚР мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленген және заңды тұлғалардың құқықтарымен мүдделерін сақтау сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау, мүдделер қақтығысын болдырмау»

**Сөз сөйледі**: Қамқоршылық кеңес мүшесі А.Бисеғалиева сөз алып, «Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қақтығыстарға төтеп беріп, қай жерде мол қаржы, пайда болса сол жерге тамыр жайып бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Осы жоғарыда аталған стандартқа сай жемқорлық алдын алу мақсатында жұмыстар жүргізіліп тұрса алда болса мемлекетіміз үшін жасалған іс болып табылары сөзсіз.» - деп қорытындылады.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Д.Хайрушева «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт бойынша кез-келген салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтарымен заңды мүдделерін іске асыру барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасауда адал, әділ, қарапайым болу моральдық-әдептілік нормаларын сақтау сыпайлық таныту, шындыққа жанаспайтын мәліметтерді таратпау жемқорлыққа қарсы күрес болып табылады»

Екінші мәселе бойынша ҚР мемлекеттік қызметкерлерінің әдеп кодексі туралы бөбекжай меңгерушісі жалпы ережелерге тоқталып өтті. Әдеп кодексі ҚР Конституциясына және ҚР сыбайлас жемқорлық туралы заңына, моральдық – әдептілік бейнесіне қойылатын талаптарды және соңғы мінез-құлқының негізгі стандартын белгілейді.

Кеңес төрағасы: Г.М.Айтқалиева

Кеңес хатшысы: А.Н.Әубекер

ЖШС «Бөбек kids» «Бөбек kids» жеке бөбекжайының қамқоршылық кеңесі отырысының

**№3 ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні: 14.03.2024ж

Өткізілген орны: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Қатысқандар: бөбекжай меңгерушісі, Қамқоршылық кеңес мүшелері

**Күн тәртібі**

1. Қамқоршылар үшін ашық есік күнін ұйымдастыру

**Күн тәртібіндегі мәселе бойынша 2024 жылдың 14 наурыз күні** бөбекжайымызда қамқоршылар шақырылып, оларға арналып, мерекелік шағын концерт өткізілді. Бөбекжай бүлдіршіндері қамқоршыларға өз өнерлерін, әндерін айтып, билерін билеп, жаттап келген тақпақтарын айтып берді. **Концерттік бағдарлама аяғында Қамқоршылар кеңес төрайымы** ұйымдастырылған концерттік бағдарлама жақсы өткендігін айтып, қамқоршыларды мерекелерімен құттықтап, алғыс хатпен марапаттап сөз сөйлеп алғысын білдірді. Қамқоршылар бөбекжай әкімшілігіне өз алғыстарын білдірді.

**Шешім:**

1. Қамқоршылар үшін ұйымдастырылған ашық есік күні қанағаттанарлық деп есептелсін.

Кеңес төрайымы: Т.М.Айткалиева

Кеңес хатшысы: А.Н.Әубекер

ЖШС «Бөбек kids» «Бөбек kids» жеке бөбекжайының қамқоршылық кеңесі отырысының

## №4 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 22.05.2024ж

Өткізілген орны: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Қатысқандар: бөекжай меңгерушісі, Қамқоршылық кеңес мүшелері

**Күн тәртібі**

1. Балалардың жаз кезіндегі сауықтыру іс шараларын ұйымдастыру және өткізу

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі мәселе бойынша бөбекжай медбикесі Б.Гумарова жазғы сауықтыру мезгілінде бөбекжайда жүргізілетін шынықтыру шаралары жайлы хабарлама жасады. Ол өз хабарламасында күнмен, сумен, ауамен шынықтыру түрлерін атап көрсетті. Жазғы уақыт бала ағзасын шынықтыруға қолайлы уақыт екенін атап өтті. Құммен ойын барысында, таза ауадағы серуен кезінде бала ағзасы күнмен шынығатынын, жабық бассейндегі сумен ойындар кезінде, сумен шынығу жұмыстары жүргізілетінін, таза ауадағы таңертеңгі жаттығулар, таза ауадағы серуен, қимылды ойындар баланың ауамен шынығуына мүмкіндік беретінін айтты. Шынықтыру шараларын жүргізу әдістемесіне тоқталды. Бөбекжай әдіскері Б.Имашева жазғы сауықтыру мезгілінде жүргізілетін іс-шаралар жоспарымен таныстырды. Атап айтқанда, балаларға арналған мультфильмдер көрсетілімі, спорттық эстафеталық сайыс, ертегі қойылымдары, патриоттық әндер байқауы, би фестивалі сияқты шаралар жоспарланғанын атап өтті.

**Шешім:**

1. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру іс-шаралар жоспары өз деңгейінде жоспарланған деп есептелсін.

Кеңес төрағасы: Г.М.Айтқалиева

Кеңес хатшысы: А.Н.Әубекер